

**Әскербекова Жанар Әскербекқызының «6D070500 –**

**Математикалық және компьютерлік модельдеу» мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі ізденісіне ұсынылған  
«Акустика және Гельмгольц тендеулері үшін жалғастыру есептерін  
сандық модельдеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

## **ПІКІР**

Диссертациялық жұмыстың максаты акустика және Гельмгольц тендеулері үшін жалғастыру есептерін шешудің жаңа және тиімді сандық әдістерін әзірлеу. Кері және кисынды емес есептерді шешудің жаңа сандық әдістерін бағдарламалық камтамасыз ету болып табылады. Қарастырылған есептерді сандық шешудің күрделілігі - есептің шешу облысы үшбұрышты және үшбұрышты призма болуымен байланысты. Диссертация авторы осы есептерді шешудің тиімді әдістерін ұсынды және олардың қолдану мүмкіндігін бірқатар мысалдар арқылы көрсеткен.

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, корытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде диссертация тақырыбына қатысты жарияланымдарға шолу жасалып, зерттеу тақырыбының өзектілігін растайтын дәлелдер келтірілген. Бірінші тарауда бір өлшемді акустикалық тендеу үшін шекара бөлігінен жалғастыру есебін шешудің тиімді алгоритмін күру қарастырылады. Жалғастыру есебінің мәні шекараның белгілі бір бөлігіндегі косымша акпаратты пайдалана отырып, қалған шекарадағы қажетті функцияның мәнін табу болып табылады. Автор айырымдық сұлбаны кері келтіру әдісіне негізделген тиімді алгоритмді ұсынады. Диссертацияның екінші тарауында акустиканың екі өлшемді кері есебінің тұжырымы қарастырылады. Тарауда алынған негізгі нәтиже – акустиканың екі өлшемді кері есебін шешу барысында тұра есепті шешуге проекциялық әдісті уакыттық үшбұрышты облыста қолдану. Үшінші тарауда Гельмгольц тендеуі үшін тұра және кері есептердің сандық шешімін жасау қарастырылады. Екінші және үшінші бөлімдегі бастапқы кисынды емес

есентер қандайда бір кисынды, тұра есептің көрі есебіне келтіріледі. Көрі есентер операторлық тендеуге келтіріліп, шешімі максаттық функционалды минималдау арқылы табылады.

Диссидентант қарастырылған сандық шешу әдістеріне олардың артыкшылықтары мен кемшіліктерін көрсете отырып, жан-жакты талдау жасайды. Сандық шешу нәтижелері әдістің тиімділігін растайды және шешімдердің дәлдігінің жогары екенін көрсетеді.

Диссертацияда ұсынылған зерттеу нәтижелері көрі есептерді сандық модельдеу теориясының ғылыми дамуы үшін маңызды болып табылады. Жұмыстың нәтижесі жаңа. Жарияланымдар аткарылған жұмыстардың нәтижелерін толық ашып көрсетеді. Жұмыстың нәтижелері Түркіяда, Эзербайжанда, Қазақстанда өткен халықаралық математикалық конференцияларда баяндалды.

Диссертациямен жұмыс жасағанда Ж.Ә.Әскербекова өз бетімен жұмыс істеу қабілетін көрсетті. Жалпы алғанда, диссертация жоғары ғылыми құндылығы мен практикалық қолдану мүмкіндігі бар сапалы зерттеу болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Ж.Ә. Әскербекованың жұмысы PhD докторлық диссертациясына қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және автор «6D070500 – Математикалық және компьютерлік модельдеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

Отандық ғылыми кенесші:

Есептеу ғылымдары және статистика

кафедрасының ага оқытушысы,

PhD доктор

С.Касенов

Касенов С.Е

ал-Фарابи ғылыми көрнекілік институтының  
даярлау жөндеу институтының мемлекеттік мекемесі

«АІНЕРГІО

Националдық улттық мемлекеттік мекемесі  
научный центр Казахстана «АИНЕРГО

РЕ Кудайбергенов

\_\_\_\_\_

